«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры:
А.Иманов

**№98 орта мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның жұмыс жоспары**

| № | Өткізілетін іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар | Жоспарланған нәтиже және орындалуы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Комиссия құрамын бекіту. | Тамыз | Мектеп басшысы | Бұйрық |
| 2 | Комиссия кеңесін өткізу | Тамыз | Комиссия мүшелері | Хаттама |
| 3 | Мектеп асханасының дайындығын тексеру | Тамыз | Комиссия мүшелері | Асхананың дайындық актісі. |
| 4 | Комиссия қызметінің құжаттарын жинақтау папкасын арнау | Тамыз | Комиссия төрағасы | Құжаттамаларды жинақтау |
| 5 | Мектептегі оқушылардың ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыруға арналған бұрыш ұйымдастыру. | Тамыз | А.Иманов - мектеп директоры. М.Толыбаева-әлеуметтік педагог | Ақпараттар |
| 6 | Мәзірдің дұрыс жасалуын бақылау | Күн сайын | Комиссия мүшелері | Бақылауға алу |
| 7 | Құжаттардың жүргізілуін бақылауды ұйымдастыру: Асхананың санитарлық гигеналық тазалығын басты назарда ұстау. Күнделікті ас мәзірін бекітіп, орналастыру(ілу). Бекітілген жураналдарды талапқа сәйкес толтыру. | Үнемі | Мектеп медбикесі | Есептегі журналдарды толтыру. |
| 8 | Аспазшылардың және «Ер Тарғын» шағын орталығы қызметкерлерінің медициналық тексерістен өтуін қадағалау | Мерзімінде | Мектеп медбикесі | Бақылауға алу |
| 9 | Аспазшы мен ыдыс- аяқ жуушы қызметкерлерінің денсаулығын және жеке бас тазалығын қадағалау | Күн сайын | Мектеп медбикесі | Бақылауға алу |
| 10 | Мектеп асханасына келіп түскен тамақ өнімдерінің | Уақытында | Комиссия мүшелері | Бақылауға алу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сапасын тексеру, жарамдылық мерзімдерін қадағалау | | | |
| 11 | Тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарды (сертификат) жинақтау | Ай сайын | Мектеп медбикесі | Құжаттар |
| 12 | Мектеп жанынан ашылған «Ер Тарғын» шағын орталығының балаларына берілетін тағамның ас мәзіріне сәйкестігін бақылау, дайындалған астың сапасын бақылау жасау, ас мәзірінің бекітілуін қадағалау | Күн сайын | «Ер Тарғын» шағын орталығының әдіскері Б.Охасова | Қадағалау |
| 13 | Оқушылардың асханаға баруын қадағалау, есепке алу. Тапсырыс беру. | Үнемі | М.Толыбаева - Әлеуметтік педагог | Қадағалау |
| 14 | Тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етілген оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша есепті дайындау және тапсыру. | Ай сайын | М.Толыбаева - Әлеуметтік педагог<br>Бас есепші | Айлық есептер |
| 15 | Мектептің интернет-ресурсына «Мектептік тамақтандыру» айдарын ақпараттандыру | Ай сайын | М.Толыбаева<br>Г.Утепбергенова – мектеп бағдарламашысы | Ақпарттар |
| 14 | Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыруды және комиссия жұмысының қортындысын педагогикалық кеңесте және директор жанындағы қарау. | Тоқсан сайын | Комиссия мүшелері | Баяндама жасау |
| 16 | Комиссия қызметінің қортындысын ата-аналар жиналысында қарау. | Қаңтар,мамыр | Комиссия мүшелері | Баяндама жасау |
| 17 | Білім алушылардың тамақтану орындарының техникалық-материалдық базасының қалыпты жұмыс жасауын қадағалау. | Үнемі | М.Толыбаева – директордың шаруашылық меңгерушісі | Қадағалау |
| 18 | Асхана қызметінің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу | Айына екі рет | Комиссия мүшелері | Акт толтыру жұмыстары |

**Әлеуметтік педагог:** [signature] **М.Толыбаева**

**«№98 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Хаттама**

**28.08.2024 жыл** **№____1____**

***Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы***

***Жиналыс төрағасы:*** А.Иманов
***Хатшысы:*** М.Толыбаева

***Қатысқандар: 7 ( жеті) адам,*** Е.Жәдиев, П.Разақова, Т.Махамбетов, М.Тәжікбаев Б.Охасова.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1.Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметін ұйымдастыру.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

А.Иманов – жиналыс төрағасы. Жаңа 2024-2025 оқу жылына сәттілік тілей отырып, жиналысты ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша. Комиссияның атқаратын қызметімен таныстырды.

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;

- тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;

- өнімдерді өткізу мерзімдерін;

- тамақ дайындау сапасын;

- тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;

- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.

2. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындайды.

3. Комиссия төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

Комиссияның құрамы медицина қызметкерін, әкімшілік мүшелерін, өндіріс меңгерушісін, ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өкілдерін міндетті түрде қоса отырып, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Комиссия мүшелерінің саны кемінде 7 адамды, оның ішінде осы мектептің ата-аналар қауымдастығының ішінен кемінде 3 адамды құрауы тиіс. Комиссияның жекелеген мүшелерінің болмауы оның қызметіне кедергі болмайды.

4.Комиссия құрамын жыл сайын жаңарту ұсынылады.

5.Комиссия қызметінің циклограммасы:

Күн сайын медицина қызметкері:

- тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Комиссия:

- пайдаланылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады (тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың көшірмелері жеке папкада сақталады);

- мәзірдің дұрыс жасалуын бақылауды жүзеге асырады;

- тамақтану сапасының мониторингі актісін ресімдей отырып, ас блогының қызметкерлеріне және (немесе) қызметті жеткізушіге алдын ала ескертусіз тамақтану сапасын тексеруді жүзеге асырады.

-Тоқсан сайын комиссия жұмысының қорытындысы кейіннен олар білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қарала және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырыла отырып, ақпарат түрінде ресімделеді.

-Әр жылдың мамыр, қаңтар айларында комиссия қызметінің қорытындысы жалпы ата-аналар жиналысында қаралады.

- тамақ өнімдерінің сапасын, олардың сапасын куәландыратын құжаттардың болуын бақылауды жүзеге асыруы;

- тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексеруі;

- өз функцияларын арнайы берілетін таза киімде (халатта, комбинезонда, бас киімде, аяқ киімде және т. б.) жүзеге асыруы қажет.

- Асханаға рұқсат етілмеген тағамдарды пайдалануға жол бермеу керек!

Осы жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында кімнің қандай ұсынысы бар.

**Сөз сөйлегендер:**

П.Разақова – комиссия мүшесі. Қазіргі таңда халық арасында індеттің таралуына байланысты, мектептегі тамақтану жүйесіне баса назар аударуымыз керек. Мемлекеттен қойылатын талаптарды басшылыққа алып, жүйелі жұмыс жоспарын құрып, бірігіп қызмет атқаруымыз, бұл болашақ дені сау ұрпақ үшін қызметіміз болмақ. Мемлекеттік талаптарды орындау баршамызға міндет.

Е.Жәдиев– комиссия мүшесі; тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінің міндеттерін атқаруға келісемін.

Т.Махамбетов– Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін.

А.Иманов – жиналыс төрағасы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап.

***Жиналыс төмендегідей шешім қабылдады:***

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтануға қойылатын міндеттерді заңдылыққа сәйкес орындау комиссия мүшелеріне міндеттелсін.

**Жиналыс төрағасы:** **А.Иманов**

**Жиналыс хатшысы:** **М.Толыбаева**




zoom
TIME